

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 4 желтоқсан N 1280

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 бап. Қазақстан Республикасының келесі заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" 1998 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2 -3, 26-бап; 2001 ж., N 24, 339-бап):

1) 1-баптың 5-тармағының екінші бөлігіндегі "Құқық мұрагері атына жер туралы заңдарға сәйкес жер пайдалану құқығына мемлекеттік акт беріледі" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 2-бапта "жер пайдалану" деген сөздер "жер учаскесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-баптың атауында және баптың әрі қарай мәтіні бойынша "жер пайдалану" деген сөздер "жер учаскесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) II тараудың шаруа (фермер) қожалығының жер пайдалану құқығы атауындағы "жер пайдалану" деген сөздер "жер учаскесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке меншік құқығымен немесе 49 жыл мерзіміне

дейін уақытша жер пайдалану құқығымен беріледі. Отарлы мал шаруашылығын (маусымды жайылымдар) жүргізу үшін жер учаскелері уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен берілуі мүмкін.

Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру ақы төлеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының азаматтары жер учаскесіне жеке меншік құқығын Қазақстан Республикасының жер заңнамаларына сәйкес анықталатын оның толық кадастрлық (бағалау) құнына тең болатын бағамен немесе жеңіл бағалармен алуы мүмкін.

Жер учаскесін сатып алу сомасын төлеу, жер учаскесін жеке меншікке алатын тұлғаның жазба түріндегі өтініші бойынша, он жыл мерзімге дейін ұзартылып берілуі мүмкін.

2. Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін алуға арнаулы ауыл шаруашылық білімі мен біліктілігі бар, ауыл шаруашылығында істеген жұмыс тәжірибесі бар және сол ауданда, қалада, поселкеде, ауылда (селода) тұратын азаматтар басым құқықты болады.

3. Қайта құрылатын мемлекеттік ауыл шаруашылық ұйымдарының құрамынан шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін шығатын азаматтарға аталған ұйымдардың жерінен жер учаскелері беріледі, олардың кадастрлық бағасы шаруашылық бойынша (алқаптар бойынша) орта деңгейде болуға тиіс.

4. Өздеріне тиесілі жер учаскелеріне құқықтарды, соның ішінде шартты үлестік жер құқығын шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталына үлес ретінде немесе өндірістік кооперативтерге жарма ретінде берген азаматтар шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін қатысушылар (мүшелер) құрамынан шыққан жағдайда жер үлесінің немесе пайының бағасын өтеп алуға, немесе оларды нақты түрінде қайтарып алуға құқығы бар.

Үлес немесе пайды нақты түрінде қайтарып беру шаруашылық серіктестігі қатысушысының немесе өндірістік кооперативтік мүшесінің талабы бойынша және шаруашылық серіктестігінің немесе өндірістік кооперативтің келісімімен жүзеге асырылады.

Шаруашылық серіктестігінің қатысушысымен немесе өндірістік кооперативтің мүшесімен жарғылық капиталына тек қана пайдалануға берілген жер учаскесі нақты түрінде өтемсіз қайтарылады.

Қатысушылар (мүшелер) құрамынан шығатын және жер учаскесін бөлу туралы өтініші ауыл шаруашылық ұйымына беріледі.

Шаруа (фермер) қожалығын ұйымдастыру үшін үлес немесе пай есебіндегі жер учаскесінің нақты орналасатын жері шаруашылық серіктестерінің, өндірістік кооперативтердің құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртібімен немесе екі жақтың келісімімен анықталады.

Жер учаскесін беру (бөлу) тәртібі құрылтай құжаттарында болмаған жағдайда, осы

баптың 5 тармағының нормалары қолданылады.

5. Үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушысы болып табылатын және шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін қатысушылардың құрамынан шығатын азаматтарға үлестік меншік (үлестік жер пайдаланудың) қатысушыларының ортақ жиналысымен бекітілген үлестік меншікте (үлестік жер пайдалануда) болған жер учаскесінің пайдалану тәртібіне сәйкес жер учаскелері беріледі. Үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушыларын жер учаскелерін пайдалану тәртібін бекіту жөніндегі алдағы жиналыс туралы ескертуді оны өткізетін мерзіміне дейін бір айдан кешікпей жазбаша қол хат түрінде жүргізіледі. Қолайлы ескертілген жағдайда үлестік меншік (үлестік жер пайдаланудың) қатысушыларының немесе олардың өкілдерінің қатысқан санына қарамай жиналыс заңды болып есептеледі. Шешім жиналысқа қатысқан үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушылардың 50 пайызы қатысқан жағдайда, жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға барлық қатысқан үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушылары немесе олардың өкілдері қол қояды.

Жер учаскесін пайдалану тәртібі болмаған жағдайда үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) мүдделі қатысушысы жер үлесі (жер үлестері) есебінде жер учаскесін бөліп беру ниеті туралы оның орналасатын жерін көрсетіп, жазба түрде қалған үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушыларына хабарлауға міндетті. Жер учаскесінің орналасқан жерінің мәселесі келісімді процедураларды өткізудің жолдарымен немесе ортақ меншіктің (ортақ жер пайдаланудың) немесе олардың өкілдерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде шешіледі. Жиналыс ескертілген уақыттан бір айдың ішінде өткізілуі тиіс және ортақ меншіктің (ортақ жер пайдаланудың) немесе олардың өкілдерінің 50% қатысқанда заңды болып саналады. Шешім жиналысқа қатысқан үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушыларының немесе олардың өкілдерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға барлық қатысқан үлестік меншіктің үлестік жер пайдаланудың) қатысушылары немесе олардың өкілдері қол қояды.

Үлестік меншіктің (үлестік жер пайдаланудың) қатысушылары қолайлы ескертілген күнінен бір айдың ішінде қарсы пікір білдірмеген жағдайда, жер учаскесінің орналасқан жері туралы азаматтың ұсынысы келісілген болып есептеледі.

6. Осы Заңның 8 бабына сәйкес азаматтың жергілікті атқарушы органға өтініші және қосымша бөліп берілетін жер учаскесінің орналасқан жері туралы келісілген материалдар оған жер учаскесіне құқық беру үшін негіз болып табылады.

7. Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер учаскелерін алған және ауылда (селода) тұрғын үйі бар азаматтардың үй жанындағы жер учаскесі жеке меншік құқығымен сақталып қалады, ол шаруа (фермер) қожалығындағы жер учаскесінің құрамына кірмейді.

8. Ауыл шаруашылық ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын азаматтарға шаруа (фермер (қожалығын жүргізу үшін жер учаскелері арнайы жер қорының жерінен және босалқы жерден беріледі.";

6) 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацындағы "тұрақты" сөзі "уақытша" сөзімен ауыстырылсын ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жеке меншікте және ұзақ мерзімді жер пайдалануда болуы мүмкін ауыл шаруашылық мақсатындағы (ауыл шаруашылық алқаптар) жер учаскелерінің шекті (ең үлкен) мөлшері әкімшілік ауданының ауыл шаруашылық алқаптарының әр түрі жалпы алаңының 1% аспайтын мөлшерінде б е л г і л е н е д і .

Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жеке меншікте және ұзақ мерзімді жер пайдалануда болуы мүмкін ауыл шаруашылық мақсатындағы (ауыл шаруашылық алқаптар) суармалы жер учаскесінің шекті (ең үлкен) мөлшері әкімшілік ауданының ауыл шаруашылық алқаптарының әр түрі жалпы алаңының 0,2% аспайтын мөлшерінде б е л г і л е н е д і . " ;

7) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

8-бап. "Шаруа (фермер) қожалығын ұйымдастыру үшін жер учаскесін беру тәртібі"

"1. Шаруа (фермер) қожалығын ұйымдастыру үшін арнайы жер қорының жерінен және босалқы жерден жер учаскелеріне құқықтар (жеке меншікке және (немесе) жер пайдалануға) берілуге мүдделі азаматтар жер учаскесінің орналасқан жері бойынша аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы органға өтініш береді.

2. Өтініште сұрап отырған жер учаскесінің тұрған жері және алаңы, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығының құрамы көрсетілуге тиіс.

Жер учаскесіне құқығын беру туралы өтінішке шаруа (фермер) қожалығының басшысы мен мүшелері қол қояды.

Өтінішке ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің қысқаша бағдарламасы, шаруашылық басшысының ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жұмыс тәжірибесін растайтын еңбек кітапшасынан көшірме не тиісті білімі туралы немесе арнаулы дайындықтан өткені (жер (шартты жер) үлесіне құқығы жоқ азаматтар үшін) туралы құжат, салық төлеушінің куәлігі және шаруа (фермер) қожалығы басшысының м е к е н - ж а й ы қ о с а б е р і л е д і .

3. Ауыл шаруашылық ұйымдардың құрамындағы жерден және ортақ меншіктегі немесе ортақ жер пайдаланудағы (осы Заңның 6 баптың 3, 4 тармағы және 5 тармақтары) жерлерден шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер учаскелерін алатын азаматтар арызға осы баптың 2 тармағында көрсетілгеннен басқа, берілетін жер учаскесінің орналасқан орны туралы келісілген материалдарды қосымша береді.

Ауыл шаруашылық ұйымға немесе ортақ меншіктің (ортақ жер пайдаланудың)

қатысушыларына шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін бөліп беру туралы азаматтардың өтініші бір ай мерзімінде қаралуға тиіс. Онда жер учаскесін нақты бөліп берілуі ауыл шаруашылық дала жұмыстары басталудың алдында немесе біткеннен кейін жүргізіледі. Басқа жағдайларда жер учаскесін нақты бөлініп берілуі ауыл шаруашылық ұйымның немесе ортақ меншік (ортақ жер пайдалануға) қатысушыларының келісімімен жүргізіледі.

4. Жер учаскелерін меншікке немесе жер пайдалануға берілуге мүдделі тұлғалардың өтініштерінің негізінде жергілікті жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган аудандық (қалалық) атқарушы органның тапсырмасы бойынша сұралып отырған жер учаскесін мәлімдеме бойынша нысаналы мақсатта пайдалану мүмкіндігін анықтайды. Жер учаскесін пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар жергілікті атқарушы орган жанындағы комиссияға оны қарауға және қорытындысын дайындау үшін беріледі.

5. Аталған Комиссияның қорытындысының негізінде жерге орналастыру жобасы және жер заңнамасына сәйкес жер учаскелеріне тиісті құқықтарды беру туралы аудандық (қалалық) атқарушы органның шешімінің жобасы дайындалады.

Осы баптың 3 тармағында қарастырылған жағдайларда, жер учаскесіне құқықтарды беру туралы аудандық (қалалық) атқарушы органның шешімін қабылдау үшін комиссияның қорытындысы қажет болмайды. Жер учаскесіне құқықты беру туралы аудандық атқарушы органның шешімі жерге орналастыру жобасының негізінде қабылданады.

6. Аудандық (қалалық) атқарушы органның жер учаскелеріне құқықты беру туралы шешімі тиісті жерге орналастыру жобасы бекітілген күннен бір айдың ішінде қабылданады.

Жер учаскесіне құқықты бермеу комиссияның қорытындысының негізінде аудандық (қалалық) атқарушы органның шешімімен рәсімделеді және шешімінің көшірмесі тапсырыс берушіге оны қабылдағаннан кейін жеті күн мерзім ішінде тапсырылады.

7. Жер учаскесіне құқықтарды беру туралы аудандық (қалалық) атқарушы органның шешімі қабылданғаннан кейін жерде жер учаскесінің шекараларын белгілеу жүргізіледі және жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдары жер учаскесіне құқықты куәландыратын тиісті құжаттарды береді (жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісі; уақытша өтемді жер пайдалану (жалға алу) актісі; уақытша өтеусіз жер пайдалану актісі;) .

8. Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжат шаруа (фермер) қожалығына рәсімделеді және ол шаруа (фермер) қожалығының басшысына беріледі.

9. Шаруа (фермер) қожалығының жер учаскесіне құқығы жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жөніндегі органдарда оны мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап пайдаланылады. " ;

баптың атауында "жер пайдалануы" деген сөздер "жер учаскесі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1 тармақтағы "және тегін жер пайдалануға уақытша берілетін" деген сөздер алынып тасталсын ;

2, 3 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын: "2. Шаруа (фермер) қожалығына берілген жер учаскесі ортақ бірлескен немесе ортақ үлестік меншіктік құқығында болады (ортақ бірлескен немесе ортақ үлестік жер пайдалануда)";

"3. Жеке меншік құқығына ие шаруа (фермер) қожалығы иелену, пайдалану және билік ету құқығын өз еркі бойынша мемлекеттік органдардың ешқандай рұқсатынсыз жүзеге асырады .

Уақытша жер пайдалану құқығына ие шаруа (фермер) қожалығы көрсетілген құқықтарды Уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Шаруа (фермер) қожалығы жеке меншік құқығындағы өзінің жер учаскесіне нысаналы мақсатын өзгертпей заңды актілермен тыйым салынбаған түрлі мәмілелерді, соның ішінде толық құнына сатып алынған жер учаскесімен оны мемлекеттік тіркеу өткеннен кейін және жеңіл бағамен сатып алынғанмен, 10 жылдан соң жасай алады.

Мәмілелерді жасау, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығына берілген жер учаскелерін екінші рет жер пайдалануға беруге жол берілмейді . " ;

4 тармақтағы "Тұрақты құнын" деген сөздер "Жер учаскесіне жеке меншік құқығы" деген сөздермен ауыстырылсын";

баптың атауындағы "Жер пайдаланушы ретіндегі" деген сөздер "Жерді пайдалану бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "мемлекеттік мұқтажына" деген сөздер "мемлекеттік қажеттер үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жер учаскесінің нысаналы пайдалану мақсатына қайшы келмейтін жеке меншік құқығындағы шаруашылықтың қажеттілігі үшін өндірістік құрылыстар мен ғимараттар құндылығы өз алқаптарда салынады;"

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"12 бап. Шаруа (фермер) қожалығының жер учаскесіне жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын тоқтату";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесіне жеке меншік құқығы және жер пайдалану құқығы:";

екінші абзацтағы "жер пайдалану құқығынан" деген сөздердің алдында "жер учаскесіне жеке меншік құқығы немесе" деген сөздермен толықтырылсын;
үшінші абзацтағы "жер пайдалану құқығын" деген сөздер "жер учаскесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "міндеттемелері бойынша" деген сөздерден кейін "жер учаскесіне немесе" сөздермен толықтырылсын;

2 бапта "жер пайдалану құқығы берілген сәттен бастап үш жыл ішінде" деген сөздер "жер пайдалану құқығы берілген сәттен бастап бір жыл ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 17 баптың 1 тармағындағы "жер пайдалану құқығын" деген сөздер "жер учаскесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18 баптың 1 тармағынан 1) тармақша алынып тасталсын;
1 3) 2 0 б а п т а :

1 тармақтағы "тоқтатылған" деген сөзден кейін "жер учаскесіне жеке меншік құқығы немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

4 тармақтағы "жер пайдалану" деген сөздер "жер учаскесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 7-8, 79 бап):

3-1 баптың 3 тармағындағы "уақытша өтеусіз жер пайдалану, жер пайдалану құқығын сатып алусыз жүргізіледі" деген сөздер "егер жер пайдалану құқығы мемлекеттен сатып алынбаса, жер пайдалануға өтемсіз асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200 бап; N 22, 308 бап; N 24, 443 бап 2001 ж., N 13-14, 173, 1 7 6 б а п) :

2 бапта 2 тармағындағы 2 бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қала маңындағы аймаққа кіретін жерді пайдаланудың тәртібі мен режимін аумағы қала маңындағы аймаққа кіретін облыстық атқарушы органының келісімімен қаланың атқарушы органының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

4. "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225 бап; N 20, 731 бап; N 21, 783 бап; N 23, 916, 928, 930 бап; 2000 ж., N 21, 395 бап; 2001 ж., N 1, 6 бап; N 10, 123 бап; N 23, 310 бап; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" жарияланған, "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 31 қазандағы N 351 Қазақстан

Республикасының Заңы):

9 баптың 1 тармағының 23 абзацы келесідей редакцияда жазылсын:

"республикалық деңгейде жер қатынастарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету
б о й ы н ш а ш а р л а р " ;

11 баптың 1 тармағының 1) тармақшасында:

б) бөлімінің "салық төлемдері емес түсімдер" абзацы келесідей мазмұнда
Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

"жер учаскелерін жалға алу құқығын сатқандағы төлем";

в) бөлімінің үшінші абзацында "капиталмен операциялардан табыс" "және тұрақты жер пайдалану құқығы" деген сөздер "ауыл шаруашылық мақсатындағы жерден басқасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

12 баптың 1 тармағы мынадай редакциядағы абзацтармен толықтырылсын: "жер қатынастарын жергілікті деңгейде жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар;".

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168 бап; 2002 ж., N 6, 73, 75 бап) :

1) 379 баптың 1 тармағында:

1 бірінші бөлігінде "салықтардың келесі түрлері" деген сөздерден кейін "және жер учаскесін пайдалану үшін төлемі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшасындағы "жер салығын" деген сөздерден кейін "және жер учаскелерін пайдалану үшін төлемі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 386 баптағы "салықтарды" деген сөзден кейін "және жер учаскесін пайдалану үшін төлемі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 387 баптың 1 тармағының екінші абзацында "салықтар" деген сөзден кейін "және жер учаскесін пайдалану үшін төлемді" деген сөзбен толықтырылсын;

4) 3 8 8 б а п т а :

баптың атауында "салықтарды" деген сөзден кейін "және жер учаскесін пайдалану үшін төлемі" деген сөзбен толықтырылсын;

1 тармақтағы "жер салығы" деген сөздерден кейін "және жер учаскесін пайдалану үшін төлемі" деген сөздермен толықтырылсын;

2 тармақтың бірінші абзацындағы және 3) тармақшасындағы, 3, 4, 5 тармақтарында "салықтарды", "салықтарға" деген сөздерден кейін сәйкес "және жер учаскесін пайдалану үшін төлемі", "және жер учаскесін пайдалану үшін төлеміне" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 3 8 9 б а п т а :

баптың атауында "салықтарды" деген сөзден кейін "жер учаскесін пайдалану үшін төлемді" деген сөздермен толықтырылсын;

баптың мәтінінде "салықтарға" деген сөзден кейін сәйкес "жер учаскесін пайдалану үшін төлемді" және "жер учаскесін пайдалану үшін төлемге" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

6) 448 және 450 баптың мәтінінде "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық уәкілетті органмен", "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық уәкілетті органдармен", деген сөздер сәйкес "жергілікті атқарушы органмен", "жергілікті атқарушы органдармен", деген сөздермен ауыстырылсын.

2 бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен, 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін 1 баптың 5 тармағынан басқасы, бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК